

Атырау қаласының су объектілеріндегі рекреациялық балық аулау аймақтарын белгілеу туралы

Атырау облысы Атырау қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 20
шілдедегі № 1279 қаулысы. Атырау облысының Әділет
департаментінде 2018 жылғы 2 тамызда № 4214 болып
тіркелді

ҚР НҚА электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі,
13.08.2018 ж.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37-бабына және "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 10-бабы 2-тармағы 5-8)-тармақшасына сәйкес су объектілерін әуесқойлық (спорттық) балық аулау үшін пайдалану мақсатында, Атырау қалалық әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес ортақ су пайдалану талаптарын ескере отырып Атырау қаласының су объектілеріндегі рекреациялық балық аулау аймақтары белгіленсін.

2. Атырау қалалық әкімдігінің 2017 жылғы 17 мамырдағы №926 "Атырау қаласының су объектілеріндегі рекреациялық балық аулау аймақтарын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3864 болып тіркелген, 2017 жылдың 15 маусымында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Атырау қалалық әкімдігінің 2018 жылғы 28 маусымдағы №1193 "Атырау қаласының су объектілеріндегі рекреациялық балық аулау аймақтарын белгілеу туралы" қаулысы жойылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары М.Қалауиға жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

*А.Құттұмұрат-
ұлы*

Атырау
қалалық
әкімдігінің
2018 жылғы
"20"
шілдедегі №
1279
қаулысына
қосымша

**Атырау қаласының су объектілеріндегі рекреациялық балық
аулау аймақтары**

1. Ақсай ауылдық округі бойынша:

1) Ақсай ауылының $N47^{\circ}15.082'$ $E051^{\circ}55.375'$
координаталарындағы солтүстік шетінен бастап "Бугорки"
тартым учаскесінің $N47^{\circ}12.840'$ $E051^{\circ}55.900'$
координаталарындағы шекке дейін;

2) "Бугорки" тартым учаскесінің $N47^{\circ}12.645'$
 $E051^{\circ}55.900'$ координаталарынан бастап $N47^{\circ}08.790'$ E
 $051^{\circ}55.825'$ координаталарындағы нүктеге дейін (теміржол
көпірінен 50 метр жоғары);

3) $N47^{\circ}08.695'$ $E051^{\circ}557.67'$ координаталарымен
теміржол көпірінен 50 метр төмен оң жақ жағалау бойынша
Жұмыскер ауылының оңтүстік шетіндегі $N47^{\circ}03.690'$
 $E051^{\circ}51.237'$ координаталарына дейін, сол жақ жағалау
бойынша Балықшы ауылдық округі Ақжайық аулындағы
 $N47^{\circ}03.764'$ $E051^{\circ}51.584'$ координаталы пирске дейін.

2. Қайыршақты ауылдық округі бойынша:

1) Бесікті ауылында Жайық өзені бойынша
 $N47^{\circ}15'49''$ $E051^{\circ}53'52''$ координаталарындағы нүктеден
бастап (Алмалы ауылы су тазарту станциясына қарсы)
 $N47^{\circ}14'35''$ $E051^{\circ}55'10''$ координаталарындағы нүктеге
дейін;

2) Талқайраң ауылының солтүстік шетіндегі
 $N47^{\circ}14.812'$ $E051^{\circ}56.289'$ координаталарынан бастап оның
оңтүстік шетіндегі $N 47^{\circ}14.034'$ $E051^{\circ}56.101'$
координаталарына дейінгі учаске;

3) "Безымянная" ескі арнасы;

4) "Аспа" көлі